

егемен Ғазизжан

Даладай дарқан, таудай заңғар

Шыңғыс Айтматовтың есімін біз бала күнімізден естіп өстік. Қазақ тіліне аударылған «Тау мен дала хикаяларын» сүйсіне оқығанбыз. Ол кісінің Мұхтар Әуезовтен бата алғанын және небәрі 35 жасында Кеңес Одағының ең жоғары сыйлығы болып саналатын Лениндік сыйлықты алғанын естігенбіз. Ең жоғары сыйлықты жас кезінде алу ол кездері мүмкін емес болатын. Сол сыйлықтың берілуіне Мұхтар Әуезов ағамыз себепкер болған деп ел аңыз қылатын.



Жазушының «Жәмила» атты алғашқы повесін сыншы Қалжан Нұрмаханов қазақ тіліне аударып, «Лениншіл жас» газетіне шығарды. Бұл шығарманы да оқыдық. Жалпы алғанда, Шыңғыс ағамыздың шығармалары бөлекше. Онда мәңгілік тақырыптар және қырғыз халқының өмірі мен тағдыры баяндалады. Сонымен қатар қазақ даласының және қазақ азаматтарының тағдырын да қоса жырлаған. Мәселен, «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармасын алсаңыз, қазақтың Сарыөзек деген жері туралы айтылады. Романның бас

кейіпкері – Едіге қазақ болып келеді. Сөйтіп қазақ халқын осылайша жырлап, өмір бойы Мұхтар Әуезовке ризашылығын айтып өткен Шыңғыс ағамыздың өзі бірде былай деген екен: «Мен өзім шетелдік іссапарларға шыққанда екі адамның есімін жиі ауызға аламын. Оның бірі – Манас болса, екіншісі – Мұхтар Әуезов».

Жалпы, Манасқа қатысты ол кісінің жасаған еңбектерінің жөні бір бөлек. Бір кездесуде мен ол кісінің өз аузынан естіген мына сөзі есіме түсіп отыр. 1952 жылы орталық тарапынан «Манас жыры – ескіліктің сарқыншағы, феодалистік, пантюркистік сарындағы шығарма, советтік идеологияға жат дүние» деген айып тағылып, қырғыз халқының басына кара түнек төнеді. Сол уақытта Бішкекте үлкен жиын болады. Сол жиында М.Әуезов сөйлеп, «Манастың» халықтық тарихи жыр екенін дәлелдеп, оның біріккен тұтас нұсқасын жасайық деген ұсыныс айтқан екен. Сондағы ойы қырғыз әдебиетінің асыл қазынасын кеңестік идеологиялық қысымнан аман алып қалу екен. Бүкіл қырғыз халқы сол кезде Мұхтар Әуезовке аса зор ризашылығын білдіріпті.

Осы оқиғаның ізімен мен «Манас пен Мұхтар Әуезов» деген поэма жаздым.

Шыңғыс ағамыз – тіл мен мәдениеттің үлкен тұлғасы. Қырғыз халқының жазушысы деп саналғанымен, қазақтың да мақтанышы екенін айта кеткеніміз жөн. Шыңғыс ағамыздың әкесі Төреқұлдың шешесі – қазақтың қызы. Қай жағынан келсек те, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматов бауырлас қос халықтың ірі тұлғалары болып саналады.

Мен Шыңғыс ағамыздың көзін көрдім. 1980і жылдары Қазақстан Жазушылар одағындағы бір үлкен жиынға қатысып, сөз сөйледі. Бір жазушылар «Көркем шығарма қалай жазылады?» – деп біртүрлілеу сұрақ қойды. Ол кісі байсалды, сабырлы қалпынан жазбай: «Оны мен де білмеймін» деді. Арғы жағында терең сыр жатыр емес пе?!

1995 жылы Алматыда, Қазақстан Ғылым академиясында қазақ-қырғыз зиялы қауымы мен ғалымдары бас қосып, теңдессіз, телегей теңіз «Манас» эпосының мың жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция өтті. Ғылыми баяндамалардың арасында сөз маған беріліп, мен «Манас батырдың Көкөтайдың асына келуін» айттым. Шыңғыс ағамыз жыр аяқталған соң менің қолымды алып: «Саған шоң рахмет!» – деді. Кейіннен естідім, жырдың қызған кезінде, жанында отырған Зейнолла Қабдолов ағамыздан: «Бұл кісі қазақ па, қырғыз ба?» – деп сұрапты.

Соңғы рет мен Шыңғыс ағаны 2006 жылы Бішкекте өткен Әлем халықтары эпостарының Бірінші дүниежүзілік фестивалінде көрдім. Ол кісі жиынның модераторы болды. «Слово и небо» деп аталған толғаулы сөзін сөйледі. Бішкектің орталық алаңында, қалың қырғыздың алдында мен «Манас» жырын айттым. Сонда Шыңғыс Айтматов Сейіт Қасқабасовтан: «Бұл кісі шынымен қазақ па?» деп сұрапты. Ағамыз сол кезде де маған ризашылығын білдірді. Бірге суретке де түсіп едік, түбі бір табылып қалар. Мен ол кісіні байсалды, мол жаратылған, даладай дарқан, таудай заңғар қалпында есімде сақтап қалдым.

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

ақын, жазушы, драматург, жыршы, манасшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері